

Құнды қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін мамандар даярлау жөніндегі курсы тыңдаушыларын аттестациялау туралы ЕРЕЖЕ

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасының Құнды қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы 1996 жылғы 2 ақпан N 15 Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 29 наурыз N 165 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 8 мамырдағы N 153 ~V021885 қаулысымен.

Негізгі ұғымдар

Біліктілік куәлігі - жеке адамның құнды қағаздар рыногында кәсіби қызмет жүргізу құқығына білігі жететіндігін куәландыратын құжат.

Инвестициялық институт - құнды қағаздар рыногында қызмет жүргізу құқығына лицензиясы бар және осындай қызметтің бір немесе бірнеше түрін атқаратын заңды тұлға.

Инвестициялық институттардың мамандары - шарттар, келісімдер, келісім-шарттар негізінде немесе басқа нысандарда инвестициялық институттар атынан құнды қағаздармен операциялар жасайтын, мәміле жасасуға және осы мәмілеге қатысуға, сондай-ақ құнды қағаздармен мәміле жасасу шарттарын қалыптастыруға біліктілік куәлігімен расталған құқығы бар азаматтар.

Оқу орталығы - құнды қағаздар рыногына жұмыс істейтін мамандарды оқыту және емтихандар өткізу жөніндегі ұйымдастыру жұмысын атқаратын, Қазақстан Республикасының Құнды қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының (бұдан әрі - Ұлттық комиссия) рұқсаты бар заңды тұлға.

I. Жалпы ережелер

1.1. Бұл Ереже құнды қағаздар рыногында кәсіби қызметті жүзеге асыруға лицензия алу үшін біліктілік куәлігін (бұдан әрі - куәлік) алуға үміткер азаматтарды аттестациялау тәртібін белгілейді.

1.2. Аттестация үміткерлердің құнды қағаздар рыногына қатысушылар алдында өз міндеттерін адал атқаруға кәсіби эзір екендігін растайды.

1.3. Мамандарды аттестациялау үшін оқу орталығының шотына

аударылатын жеті есептік көрсеткіш мөлшерінде ақы алынады.

Оқу орталығы оны емтихан өткізілетін күнге дейін үш күннен

кешіктірмей Ұлттық комиссияның шотына аударуға міндетті.

Аттестация қорытындысы қанағаттанғысыз болған жағдайда аттестация үшін төленген ақы қайтарылмайды.

1.4. Аттестацияға мынадай адамдар жіберіледі:

- жоғары білімі барлар;
- экономика немесе заң мамандығы бойынша кемінде үш жыл еңбек стажы болған жағдайда арнаулы орта (заң немесе экономикалық) білімі барлар.

II. Құжаттардың тапсырылу тәртібі

2.1. Куәлік алудан үміткер оқу орталығына мынадай құжаттар тапсырады:

- куәлік алуға тілек білдірген жеке өтініші (N 1 үлгі);
- білімі туралы дипломның ксерокөшірмесі немесе оның нотариалды куәландырылған көшірмесі;

- заңды тұлғаның мөрімен куәландырылған еңбек кітапшасының (келісім-шарттың, еңбек шартының) ксерокөшірмесі немесе жоғарыда аталған құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі.

Білімі туралы диплом мен еңбек кітапшасының ксерокөшірмелері олардың түпнұсқаларын көрсетуімен бірге ұсынылады.

2.2. Оқу орталығы :

- курс тыңдаушылары тапсырған құжаттарды тексереді және оларды Ұлттық комиссияның талаптарына сәйкестендіру туралы кеңес береді;
- оқу процесі басталғаннан бастап үш күннен кешіктірмей Ұлттық комиссияға барлық қажетті құжаттарымен бірге тыңдаушыларды емтиханға жіберу туралы өтінген ұсыныс (N 2 үлгі) тапсырады.

III. Аттестациялық комиссия

3.1. Құнды қағаздар рыногының мамандарын даярлау және олардың біліктілігін анықтау жөніндегі оқу процесін ұйымдастыру мақсатында Ұлттық комиссияда төрағадан, төрағаның орынбасарынан, бес мүшеден және хатшыдан тұратын аттестациялық комиссия құрылады.

3.2. Аттестациялық комиссияның құрамын Ұлттық комиссияның төрағасы тағайындайды.

3.3. Ұсынылған құжаттар бойынша ескертпелер болмаған жағдайда аттестациялық комиссия үміткерлерді куәлік алу үшін емтихан тапсыруға жіберу

туралы оқу орталығына жазбаша мәлімдеме жолдайды. Аттестациялық комиссия құжаттары тиісті түрде ресімделмеген

үміткерді емтиханға жіберуден бас тартуға құқылы.

3.4. Аттестациялық комиссияның міндеттеріне мыналар кіреді:

- құнды қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін мамандар даярлау жөніндегі оқытудың үлгі бағдарламаларын жасау және бекіту;

- оқу орталықтарының қызметін бақылау;

- емтихандар өткізу кестесін белгілеу;

- емтиханның ойдағыдай тапсырылғандығын анықтайтын дұрыс жауаптар санын (процентін) бекіту;

- емтихан өткізу және оның нәтижелерін ресімдеу;

- біліктілік куәліктерін беру.

3.5. Аттестациялық комиссияның мәжілістері қажетіне қарай, бірақ кем дегенде айына бір рет өткізіледі.

IV. Аттестация жүргізу және біліктілік куәліктерін беру шарттары мен тәртібі

4.1. Аттестациялық комиссия емтихан басталғанға дейін кемінде жеті күн бұрын емтихан өткізу кестесі туралы хабарлайды. Оқу орталығы оқу процесі аяқталғанға дейінгі үш күннен кешіктірмей аттестациялық комиссияға қажетті құжаттарымен бірге тыңдаушыларды емтиханға жіберу туралы ұсынысын (N 3 үлгі), сондай-ақ аттестациядан өту үшін ақы төлегендігін растайтын төлем қағазының көшірмесін тапсыруға тиісті.

4.2. Емтиханға жіберілген адамдардың тізімі емтихан басталғанға дейін кемінде екі күнтізбелік күн бұрын анықталады және оны аттестациялық комиссияның төрағасы бекітеді.

4.3. Аттестациялық комиссия белгілеген уақытта үміткер емтихан өткізілетін ж е р г е к е л е д і .

4.4. Куәлік алу емтиханы компьютерлік тест нысанында жүргізіледі. Емтихандық тестілер мен жауаптардың нұсқаларын үлгілік бағдарлама негізінде аттестациялық комиссия жасайды және оларды Ұлттық комиссияның Төрағасы б е к і т е д і .

Емтихан әдетте Ұлттық комиссия жанындағы компьютерлік емтихан орталығында өткізіледі.

Емтиханға орынды себептермен келе алмаған үміткер аттестация үшін қайтадан ақы төлемей-ақ келесі емтиханның тізіміне енгізіледі.

4.5. Емтихан үстінде үміткерлердің анықтамалық, арнаулы және басқа да әдебиеттерді, сондай-ақ жазбаларды қолдануына тыйым салынады. Емтихан тапсырудың аталған талаптары мен басқа да ережелері бұзылған жағдайда үміткер аудиториядан шығарылуы мүмкін.

4.6. Аттестациядан өте алмаған жағдайда үміткер аттестация үшін қайтадан ақы төлей отырып, алдыңғы аттестация өткізілген күннен бастап бір ай өткен соң т е с т і д е н ө т у г е қ ұ қ ы л ы .

Екінші қайтара аттестациядан өтпеген жағдайда үміткер кезекті аттестацияға тек толық оқыту курсынан өткеннен кейін ғана жіберіледі.

4.7. Аттестациядан ойдағыдай өткен үміткер куәлік (N 4 үлгі) алады. Куәлікті ресімдеу және оны үміткерге беру үш күндік мерзімде жүзеге асырылады.

4.8. Куәліктің қолданылу мерзімі - тіркелген сәттен бастап үш жыл.

4.9. Емтиханға қатысушылар жазбаша түрде наразылықтар ұсына отырып, апелляция беруге құқылы. Апелляция туралы материалдарды нәтижелерін хаттамамен ресімдейтін аттестациялық комиссия қарайды және олар орындау үшін аттестациялық комиссияға тапсырылады. Екінші қайтара апелляция жүргізілмейді. Апелляциялық комиссияның құрамын Ұлттық комиссияның төрағасы тағайындайды.

4.10. Берілген біліктілік куәліктерінің тізбесіне тиісті жазу енгізілген сәттен бастап үш айдан астам уақыт біліктілік куәлігі талап етілмеген жағдайда біліктілік куәлігі тек Ұлттық комиссия төрағасының рұқсатымен ғана беріледі.

Осы тармақтың күші сондай-ақ осы Ереже қабылданғанға дейін берілген біліктілік куәліктеріне де жүреді.

4.11. Куәлігінің қолданылу мерзімі біткен үміткер оны қайыра аттестациядан өту арқылы ұзартуға құқылы. Бұл үшін ол Ұлттық комиссияға өтінішін, төлем қағазының көшірмесін тапсырады.

V. Біліктілік куәліктерін есепке алу және олардың пайдаланылуын бақылау

5.1. Ұлттық комиссияда біліктілік куәліктерінің тізілімі жүргізіледі.

5.2. Біліктілік куәліктерін есепке алуды және олардың пайдаланылуын бақылауды Ұлттық комиссияның атқару аппаратының Құнды қағаздар рыногын реттеу бас басқармасы жүзеге асырады.

5.3. Ұлттық комиссия аттестациялық комиссияның ұсынуымен мынадай жағдайларда куәлігі бар мамандарды мерзімінен бұрын қайыра аттестациялауға м і н д е т т е у г е қ ұ қ ы л ы :

- инвестициялық институттар, клиенттер тарапынан маманға орынды кінә қ о й ы л с а ;

- құнды қағаздар рыногын реттейтін заңдар айтарлықтай өзгертілсе.

VI. Біліктілік куәлігінің қолданылуын кідірте тұру және оны қайтарып алу

6.1. Ұлттық комиссия аттестациялық комиссияның ұсынуымен мынадай жағдайларда біліктілік куәлігінің қолданылуын кідірте тұруға құқылы, егер маман :

а) Қазақстан Республикасының құнды қағаздар рыногы туралы заңдарын бұзған болса ;

б) мерзімінен бұрын қайыра аттестациядан өтуден бас тартса.

Ұлттық комиссияның шешімімен біліктілік куәлігінің қолданылуы оның кідіртуіне әкеліп соқтырған себептері жойылған жағдайда қайта жалғастырылады .

6.2. Ұлттық комиссия аттестациялық комиссияның ұсынуы бойынша мынадай жағдайларда біліктілік куәлігін қайтарып алуға құқылы, егер маман:

а) Қазақстан Республикасының құнды қағаздар рыногы туралы заңдарын үнемі бұзатын болса ;

б) біліктілік куәлігі берілген сәттен бастап бір жыл ішінде құнды қағаздар рыногында практикалық қызметті жүзеге асырмаған болса;

в) экономикалық қылмыстары үшін сотталған болса.

6.3. Куәлігі алынып қойылған маман қолданыстағы заңдарда көзделген тәртіппен Ұлттық комиссияның шешіміне шағымдануға құқылы.

Құнды қағаздар рыногында жұмыс

істеу үшін мамандар даярлау
жөніндегі курс тыңдаушыларын
аттестациялау туралы ережеге
N 1 үлгі

Қазақстан Республикасының

Құнды қағаздар жөніндегі
ұлттық комиссиясы

Аттестациялық комиссияның

Төрағасы

Ө Т І Н І Ш

Мен _____

(фамилиясы, аты, әкесінің аты)

_____ санаттағы біліктілік куәлігін алу үшін маған емтихан тапсыруға рұқсат беруіңізді өтінемін.

Туған жылы _____

Жынысы _____

Мамандығы _____

оқу орнының аты

Жұмыс стажы, сонымен бірге мамандығы бойынша (экономикалық немесе заң) _____

Паспорт сериясы: _____

(куәлік)

Үй мекен-жайы _____

(почта индексі, елді мекеннің, көшенің аты,

_____ үйдің, пәтердің нөмірі)

Телефон нөмірі: үй _____

жұмыс _____

Өтінішке қоса берілетін құжаттардың тізбесі:

- білімі туралы дипломның көшірмесі;
- еңбек кітапшасының көшірмесі.

Қолы

күні

Құнды қағаздар рыногында жұмыс

істеу үшін мамандар даярлау
жөніндегі курс тыңдаушыларын
аттестациялау туралы ережеге
N 2 үлгі

Қазақстан Республикасының

Құнды қағаздар жөніндегі
ұлттық комиссиясы

Аттестациялық комиссияның

Төрағасы

Ө Т І Н І Ш

(оқу орталығының толық аты)

Сізге құнды қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін мамандар
даярлау жөніндегі курстардың 199__ ж. ____ бастап ____ дейін
өткізілетіні туралы хабарлайды.

Сіздің 199_ ж. " __ " _____ аттестациядан өткізу күнін
бекітуіңізді сұрайды.

Тыңдаушылардың саны _____ адам.

Оқу орталығының басшысы _____

199_ж. " __ " _____

Құнды қағаздар рыногында жұмыс

істеу үшін мамандар даярлау
жөніндегі курс тыңдаушыларын
аттестациялау туралы ережеге

№ 3 үлгі

Қазақстан Республикасының

Құнды қағаздар жөніндегі
ұлттық комиссиясы

Аттестациялық комиссияның

Төрағасы

Ө Т І Н І Ш

_____ (оқу орталығының толық аты)

_____ санаттағы біліктілік куәліктерін алу үшін 199__ж.

_____ бастап _____ дейін

оқытудан өткен тыңдаушылардың аттестациясын 199__ж. " __ " _____
өткізуді сұрайды.

ТЫҢДАУШЫЛАРДЫҢ ТІЗІМІ:

N	Аты-жөні	жұмыс орны	қызметі
---	----------	------------	---------

р/н

Тыңдаушылардың құжаттары қоса беріледі.

Оқу орталығының басшысы _____

199__ " __ " _____

Құнды қағаздар рыногында жұмыс істеу
үшін мамандар даярлау жөніндегі курс
тыңдаушыларын аттестациялау
туралы ережеге

№ 4 үлгі

Біліктілік куәлігі

_____ санаттағы

№ _____

Осы куәлік _____

_____, Қазақстан Республикасының

Құнды қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы бекіткен оқу
бағдарламасына сәйкес құнды қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін
мамандарды даярлау курстарында оқығаны туралы беріледі.

199__ жылғы " __ " _____ аттестациялық комиссияның
шешімімен _____

рыноқтағы маман біліктілігі беріледі және құнды қағаздар рыногында

_____ қызметті

(қызметтің түрі)

жүзеге асыру үшін лицензия алу құқығы беріледі.

Ұлттық комиссияның

Төрағасы _____

Аттестациялық комиссияның

Төрағасы _____

Хатшысы _____

М.О. Алматы қаласы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК